

Қалалық мәслихаттың 2011 жылғы 22 желтоқсандағы "Балқаш қаласы тұрғындарына тұрғын үй көмегін көрсету Ережесін бекіту туралы" N 55/415 шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Балқаш қалалық мәслихатының 2012 жылғы 18 шілдедегі N 6 /55 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 9 тамызда N 8-4-286 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Балқаш қалалық мәслихатының 2021 жылғы 26 сәуірдегі № 4/31 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Балқаш қалалық мәслихатының 26.04.2021 № 4/31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес қалалық мәслихат **ШЕШТІ:**

1. Қалалық мәслихаттың 2011 жылғы 22 желтоқсандағы "Балқаш қаласы тұрғындарына тұрғын үй көмегін көрсету Ережесін бекіту туралы" N 55/415 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде N 8-4-266 болып тіркелген, 2012 жылғы 15 ақпандағы N 18 "Балқаш өңірі", 2012 жылғы 15 ақпандағы N 18 "Северное Прибалхашье" газеттерінде жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1) Ереженің 1 тармағының 5) тармақшасында "(оның ішінде қатты отын)" деген сөздер алынып тасталсын;

2) Ереженің 1 тармағының 6) тармақшасы келесі редакцияда мазмұндалсын:

"6) отбасы – некеден (ерлі-зайыптылықтан), туыстықтан, жекжаттықтан, бала асырап алудан немесе балаларды тәрбиеге алудың өзге де нысандарынан туындайтын және отбасы қатынастарын нығайтып, дамытуға септігін тигізуге арналған мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар мен міндеттерге байланысты адамдар тобы;"

3) Ереженің мемлекеттік тілдегі 1 тармағының 7) тармақшасында "(азаматтың)" деген сөз "(азаматтардың)" деген сөзбен ауыстырылсын;

4) Ереженің мемлекеттік тілдегі 1 тармағының 7) тармақшасының екінші абзацында "Отбасының" деген сөзден кейін "(азаматтардың)" деген сөзбен толықтырылсын;

5) Ереженің орыс тілдегі 1 тармағының 9) тармақшасының төртінші абзацында "тарифа" деген сөз алынып тасталсын;

- 6) Ереженің 1 тармағының 12) тармақшасы келесі редакцияда мазмұндалсын:
"12) шекті жол берілетін шығыстар үлесі - телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының, жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу ақысының ұлғаюы бөлігінде отбасының (азаматының) бір айда тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға, коммуналдық қызметтер мен байланыс қызметтерін тұтынуға жұмсалған шығыстарының шекті жол берілетін деңгейінің отбасының (азаматтың) орташа айлық жиынтық кірісіне пайызбен қатынасы;"
- 7) Ереженің орыс тілдегі 4 тармағында "тарифа" деген сөз алынып тасталсын;
- 8) Ереженің орыс тілдегі 5 тармағында "тарифа" деген сөз алынып тасталсын;
- 9) Ереженің 8 тармағында мемлекеттік тілдегі "тарифтерінің" деген сөз алынып тасталсын;
- 10) Ереженің 8 тармағында орыс тілдегі "тарифа" деген сөз алынып тасталсын;
- 11) Ереженің 10 және 13 тармақтары алынып тасталсын;
- 12) Ереженің мемлекеттік тілдегі 17 тармағының екінші абзацында "қатты отынға," "тарифінің" деген сөздер алынып тасталсын;
- 13) Ереженің орыс тілдегі 17 тармағының екінші абзацында "приобретения твердого топлива," деген сөздер алынып тасталсын;
- 14) Ереженің 27 тармағында мемлекеттік тілдегі "тарифінің" деген сөз алынып тасталсын;
- 15) Ереженің 27 тармағында орыс тілдегі "тарифа" деген сөз алынып тасталсын.

2. Қалалық мәслихаттың 2012 жылғы 11 сәуірдегі N 3/34 "Қалалық мәслихаттың 2011 жылғы 22 желтоқсандағы "Балқаш қаласы тұрғындарына тұрғын үй көмегін көрсету Ережесін бекіту туралы" N 55/415 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" шешімі жойылсын.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енеді.

Сессия төрағасы

А. Муслымов

Қалалық мәслихаттың хатшысы

К. Рахимберлина

"КЕЛІСІЛДІ"

Қала әкімі

Аубакиров Н.Е.

18 шілде 2012 жыл

"Балқаш қаласының жұмыспен

қамту және әлеуметтік

бағдарламалар бөлімі"

мемлекеттік мекемесінің бастығы

Томпиева Ж.К.

18 шілде 2012 жыл

"Балқаш қаласының қаржы бөлімі"

18 шілде 2012 жыл

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК